

Қазақстан Республикасы мен Моңғолия арасындағы Моңғолияда тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қазақстан Республикасында тұрақты тұрып жатқан Моңғолия азаматтарының азаматтық алуының және оны тоқтатуының оңайлатылған тәртібі және азаматтықтың болмауы және қос азаматтық жағдайларын болдырмау туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 968 Жарлығы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Моңғолия арасындағы Моңғолияда тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қазақстан Республикасында тұрақты тұрып жатқан Моңғолия азаматтарының азаматтық алуының және оны тоқтатуының оңайлатылған тәртібі және азаматтықтың болмауы және қос азаматтық жағдайларын болдырмау туралы келісімнің жобасы
м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы Қасымовқа Қазақстан Республикасы мен Моңғолия арасындағы Моңғолияда тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қазақстан Республикасында тұрақты тұрып жатқан Моңғолия азаматтарының азаматтық алуының және оны тоқтатуының оңайлатылған тәртібі және азаматтықтың болмауы және қос азаматтық жағдайларын болдырмау туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н. Назарбаев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

4

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 9 6 8

Ж а р л ы ғ ы м е н

М А Қ Ұ Л Д А Н Ғ А Н

Жоба

Қазақстан Республикасы мен Моңғолия арасындағы Моңғолияда тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қазақстан Республикасында тұрақты тұрып жатқан Моңғолия азаматтарының азаматтық алуының және оны тоқтатуының

оңайлатылған тәртібі және азаматтықтың болмауы және қос азаматтық жағдайларын болдырмау туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Моңғолия екі мемлекет халықтарының тарихи, дәстүрлі достық байланыстарды сақтауға және нығайтуға ұмтылысын негізге ала отырып, адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің маңыздылығын растай отырып, Тараптардың азаматтарына оңайлатылған тәртіппен азаматтық алу және оны тоқтату мүмкіндіктерін беру мақсатында, азаматтықтың болмауы мен қос азаматтық жағдайларын болдырмауға барынша ұ м т ы л а о т ы р ы п , төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Әрбір Тарап екінші Тараптың азаматтығын қабылдауға ниет білдірген өз азаматтарына, егер өтініш берушілер азаматтығын алатын Тараптың аумағында тұрақты тұрып жатқан жағдайда, азаматтықты тоқтатудың оңайлатылған тәртібін ұ с ы н а д ы .

2. Оңайлатылған тәртіппен азаматтықтан шығу және екінші Тараптың азаматтығын алу үшін бір Тараптың азаматы екінші Тараптың тиісті органдарына соңғысының азаматтығына қабылдау және бұрынғы азаматтығынан бас тарту туралы өтініш береді.

3. Осы бап ережелерінің қолданысы Тараптардың:

1) халықаралық құқықта көзделген адамзатқа қарсы қылмыстар жасаған, Тараптардың егемендігі мен тәуелсіздігіне саналы түрде қарсы шығатын;

2) Тараптар аумақтарының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақыратын;

3) ұлттық қауіпсіздікке, халық денсаулығына нұқсан келтіретін құқыққа қарсы ә р е к е т т і жү з е г е а с ы р а т ы н ;

4) әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыратын;

5) террористік немесе экстремистік ұйымдардың ұйымдастырушылары, басшылары, қатысушылары немесе көмектесушілері болып табылатын не террористік немесе экстремистік ә р е к е т і үшін сотталған;

6) халықаралық іздестірудегі, соттың күшіне енген үкімі бойынша жазасын өтеп жүрген не сот олардың әрекетін аса қауіпті түрде қайталанған қылмыс деп таныған;

7) азаматтыққа қабылдау туралы өтінішхатпен жүгінген кезде өзі туралы жалған мәліметтер хабарлаған немесе Тараптардың заңнамасында белгіленген мерзімдерде қажетті құжаттарды дәлелсіз себептермен тапсырмаған;

8) Тараптардың аумақтарында немесе олардан тыс жерлерде қасақана қылмыс

жасағаны үшін Тараптардың заңнамасында сондай деп танылған, алынбаған немесе өтелмеген соттылығы бар азаматтарына қолданылмайды.

2-бап

Бір Тарап азаматының екінші Тараптың азаматтығын алуы азаматтығын алатын Тараптың заңнамасында белгіленген шарттарда, тәртіппен және мерзімдерде азаматтың еркін түрде ерік білдіруі негізінде жүзеге асырылады.

3-бап

1. Тараптардың бірінің азаматтығы алынғандығы тіркелген күн екінші Тараптың азаматтығы тоқтатылған күн болып табылады.

2. Адамның жаңа азаматтық алғандығы ресімделгеннен кейін азаматтығын алған Тараптың құзыретті органдары он жұмыс күні ішінде адамға алған азаматтығын растайтын құжат береді, кәмелетке толған азаматтардан азаматтық куәлігін, шетелдік паспортын, ал кәмелетке толмаған балалардан туу туралы куәлігінің көшірмесі мен азаматтығы тоқтатылғандығын растайтын шетелдік паспортын алып қояды.

3. Азаматтығын алған Тараптың құзыретті органдары бір ай мерзімде күнін көрсете отырып, азаматтық алу шешімі туралы хабарламамен бірге азаматтығын тоқтатқан Тараптың дипломатиялық өкілдіктеріне және консулдық мекемелеріне азаматтардың тізімдерін және олардан алып қойылған құжаттарды қайта жібереді.

4. Адамның жаңа азаматтық алғаны туралы хабарлама алғаннан кейін басқа Тараптың азаматтығы алынғаны тіркелген күннен бастап азаматтығын тоқтатқан Тарап азаматтығын тоқтатуды ресімдейді.

4-бап

1. Ата-аналарының азаматтығы өзгеріп, нәтижесінде екеуі де бір Тараптың азаматтығын алған және екінші Тараптың азаматтығын тоқтатқан кезде, тиісінше олардың кәмелетке толмаған (он төрт жасқа дейінгі) балаларының азаматтығы өзгереді. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейін олардың келісімі талап етіледі, ол жазбаша нысанда көрсетілуге және оны нотариат куәландыруға тиіс.

2. Ата-аналары бірі Тараптардың бірінің азаматы болып табылатын, ал ата-аналарының екіншісі екінші Тараптың азаматтығын алатын кәмелетке толмаған балалардың азаматтығы осы Келісімнің 1-бабының 2-тармағына сәйкес берілетін өтініште көрсетілуге тиіс ата-аналардың екіжақты келісімімен айқындалады.

Егер ата-аналар кәмелетке толмаған балалардың азаматтығын өзгерту бойынша келісімге келмесе, бала ата-анасының екеуі де аумағында тұрақты тұратын Тараптың а з а м а т т ы ғ ы н с а қ т а й д ы .

Ата-аналары бөлек, бірі Тараптардың бірінің аумағында, ал екіншісі екінші Тараптың аумағында тұрған кезде, кәмелетке толмаған балалар, егер ата-аналары арасында бұл туралы өзгеше келісім болмаған не балалардың тұрақты тұратын жері бойынша сот шешімі болмаған жағдайда, өздерімен бірге тұрып жатқан ата-ананың а з а м а т т ы ғ ы н с а қ т а й д ы .

3. Ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналардың азаматтығы өзгерген кезде, кәмелетке толмаған балалардың азаматтығы өзгермейді.

5-бап

Осы Келісімде реттелмеген мәселелер адамның тұрақты тұратын жері бойынша Тараптардың ұлттық заңнамаларында реттеледі.

6-бап

Осы Келісімнің ережелерін қолдану немесе түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды өзара консультациялар және келіссөздер арқылы шешеді.

7-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жекелеген хаттамалармен ресімделетін, осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

8-бап

Осы Келісім ратификациялануға жатады және Тараптар ратификациялау грамоталарын алмасқан күннен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

9-бап

Осы Келісім бес жыл бойы қолданыста болады және егер тараптардың ешқайсысы оның қолданысын ұзартқысы келмейтін өз ниеті туралы ағымдағы бес жылдық кезең аяқталғанға дейін алты ай бұрын жазбаша түрде дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапқа хабарламаса, келесі бес жылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылады.

20 ___ жылғы _____ қаласында әрқайсысы қазақ, моңғол және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасы
үшін үшін

Моңғолия

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК